

Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атыменен

ИСЛАМДАҒЫ ҒИБАДАТ

Ислам дініндегі ғибадат сөзінің түсінігі, рүкіндері және шарттары.

Адамдар мен жындар жаратылысының хикметі.

Аллаһ – Тағала былай, дейді :

«**Көктер мен жерді әрі екеуінің арасындағы нәрселерді шындық бойынша жараттық**» (15:85)

«**Біз, аспан мен жерді ол екеуінің арасындағыларды (негізсіз) бекерге жаратпадық. Ол (негізсіз бекер жаратылды – деген) тұжырым Оған қарсы келген кәпір қауымдардың ойы. Тозақтан азап болатын кәпірлерге нендей өкініш!**» (38 : 27)

Сол үшін Аллаһ – Тағала Өзінің пенделеріне оларды ермек үшін жаратпағанын түсіндіріп, былай – деп, айтқан :

«**Біз сендерді бекерге ермек үшін жараттық – деп есептейсіңдер ме? Және Бізге қайтарылмайсыңдар – деп, ойлайсыңдар ма?**» (23 : 115)

Керісінше, Аллаһ оларды зор мақсат, үлкен хикмет үшін жаратқанын баяндап, былай – деп айтқан :

«**Жын – мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым. Және олардың Мені тамақтандыруын қаламайын. Расында Аллаһ Өзі разықтандырушы, күш – қуат иесі**» (51 : 56)

Құдіреті күшті Аллаһ және айтты :

«**Әй, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Аллаһқа ғана ғибадат – құлшылық жасаңдар. Әрине сақтанған боларсыңдар**» (2 : 21)

«**Ғибадат**» (құлшылық) сөзінің мағынасы : Бұл сөз арап тіліндегі қолданыста бас ию, бағынып бой ұсыну, көну, ырқында болу – деген мағыналарда келеді.

«**Ғибадат**» сөзінің шарифатта қолданысындағы мағынасы : Шарифатта бұл сөз барлық Аллаһ сүйетін, әрі олардың істелуінен риза болатын жасырын – жария сөздер мен істерді қамтиді. Осылардың ішінен жария сөздерге келер болсақ. Олар : кәлима шаһадатты ¹ тілмен айту, зікірлер, ² дұға – тілектер мен жарылқау – кешірім өтінулер. Ал жасырын сөздер олар, әрбір Аллаһ мойындалуын парыз еткен нәрселерді жүрекпен растап, шынайы түрде иман келтіру жатады. Мысалға : Аллаһқа, Оның періштелері мен кітәптарына, жіберген елшілеріне, ақырет күніне және тағдырдың жақсы- жаманы Аллаһтан екеніне сеніп, иман келтіру сияқты нәрселер.

Жария амалдар немесе көзге көрінер сыртқы істерге келсек, оларға төмендегі амалдарға ұқсас нәрселер жатады. Олар : Намаз оқу, зекет беру, хаж жасау, жиһадқа шығу, мұқтаждарға жәрдем көрсету, зұлымдаққа ұшырағандарға көмек беру сияқты тағы басқа істер.

Жасырын амалдар, олар : шынайы ықылас, тәуеккел ету сияқты нәрселер жатады.

Құранда келген ғибадат - құлшылық.

Құран – Кәрімде ғибадат екі мағынада келген.

Бірінші : Жалпы ғибадат - құлшылық мағынасында. Ол – Аллаһқа бағыну және иелігінде болу құлдығы. Құранда ол жайында былай, делінген : «**Расында аспандардағы және жердегі барша заттар Мейірімді Аллаһқа құл болып келеді**» (яғни, олардың баршасы Оған бағынған, әрі бойұсынған халде). (19 : 33)

Және бір аяттарда :

«**Ақиқатта Аллаһ құлдарының арасында үкімін жүргізіп қойған**» (40 : 48)

«**Шынында Аллаһ пенделерге зұлымдықты қаламайды**» (40 : 31)

1. «Куәлік беремін Аллатан өзге ғибадатқа лайықты ешбір тәңір жоқ. Және куәлік беремін расында Мухаммед Оның құлы әрі елшісі» - деген сөз.

2. Аллаһты ұлық есім – сипаттарымен естеу.

Бұдан белгілі болған нәрсе жаратылыс атаулы, жақсы жаманы болсын, мұсылман кәпірі болсын баршасы Жаратқан Аллаһқа бойұсынған құл болып келеді. Тіпті пенделердің көбісі Аллаһ айтқандай Раббыларына серік қосушы болып келсе де. Яғни Аллаһ былай – деп, айтқан :
«Олардың көпшілігі Аллаһқа серік қосқан хәлдерінде иман келтіреді» (12 : 106).
«Қанша ұмтылсаңда адамдардың көбі иман келтіргендерден емес» (12 : 103).
«Жер бетіндегі көпшілікке бағынсаң сені Аллаһтың жолынан адастырады» (6 : 166) .

Екінші : Арнайы жалқы ғибадат. Ықтиярмен, бойұсынумен, махаббатпен жасалатын ғибадат. Бұл ғибадат иман келтірген ізгілерге тән ғибадат. Және бұл ғибадатта кәпір қауымдардың үлесі жоқ. Құранда бұл ғибадаттарды баяндап өтетін мынандай аяттар бар :

«Мейірімді Аллаһтың құлдары жер үстінде сыпайы түрде жүреді. Және оларға надандар тіл қатса (күнә мен жәһілдіктен таза болған) сәлеметті сөздерді сөйлейді» (25 : 63)
«Ей, құлдарым! Сендерге бүгін ешбір қауып – қатер жоқ, әрі қайғырмайсындар» (43 : 68).

«Сөзге құлақ салып, оның (сол сөздердің) ең көркеміне ¹ ілесетін құлдарымды қуантып – сүйіншіле» (39 : 17 – 18)

«Расында саған менің құлдарымның үстінен үстемдік жоқ» (яғни, шайтанға Аллаһтың шынайы құлдарының үстіненен үстемдік жоқ) (15 : 42)

Жалпы ғибадат пен арнайы жалқы ғибадат арасында өздеріне тән айқын айырмашылықтар бар :

1 – Жалпы ғибадат барша жаратылысты қамтиды. Ал арнайы жалқы ғибадатта иман келтіргендердің ғана үлесі бар. Яғни, мұсылмандар мен кәпірлер жалпы ғибадатта біргелікте болады, ал арнайы жалқы ғибадатта мұсылмандар олардан жекеленіп ерекшеленеді.

2 – Жалпы ғибадатта барлық жаратылыс аталуы еріксіз және ол ғибадат түрінен ешқайсысы шығып кете алмайды. Ал арнайы жалқы ғибадат пенденің ықтияр - қалауымен орындалады.

3 – Арнайы жалқы ғибадат үшін ертең қиамет күнінде сауаптар мен сыйлықтар бар. Себебі құлдардан талап етілетін ғибадат осы. Сондықтан жалпы ғибадат ешкімді иманға кіргізіп және ешкімді күпірліктен шығармайды.

Ғибадат құрылымы - шариғат негізінде.

Ілім егелері ғибадат шариғат негіздеріне тоқталады деп, айтқан.

Расында ешбір пендеге Құдайға Құран және Оның елшісінің сүннетінде келмеген бір ғибадат түріменен құлшылық етуге болмайды. Бұл, қағидаға пайғамбарымыз Мухаммедтің (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) :

«Кімде – кім Біз ² әмір етпеген бір амалды атқараса , ол амал қабыл болмайды» - деген сөзі дәлел болады .

Осымен мағыналас тағы бір хадисте :

«Кім Біздің әмірімізде болмаған бір жаңалықты келтірсе, онда ол нәрсе қабыл етілмейді» - делінген.

Осы жоғарыда айтылған қағиданың нақтылай түсетін Пайғамбарымыздың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінен мынандай оқиға бар. Бірде сахабалардан бірнеше кісі Пайғамбарымыздың әйелдерінің үйлеріне келіп , ол кісінің ғибадаттары жайында сұрайды. Олар ол кісінің ғибадаты жайында сұраушыларға баяндап береді. Пайғамбардың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғибадатынан хабардар болғаң соң : «Бізге Пайғамбардай (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болу қайда? Расында Аллаһ ол кісінің ілгергі – кейінгі күнәларын жарылқап қойған» - дейді. Кейін олардың біреуі : «бұдан былай, түнімен намаз оқитын боламын» - дейді. Ал екіншісі : «мен арасын үзбей өмір бойына ораза тұтамын» - дейді. Үшіншісі болса : «ендеше мен әйелдерден аулақ болып, ешқашан үйленбеймін» - дейді. Кейін Пайғамбарымыз (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, олардың бұл тұжырымдарын естіген соң, оларға : «Сендер ме осындай, осындай амал

1. Сөздердің ең көркемі Құран мен Хадис.

2. Аллаһ және Оның елшісі.

қыламыз дегендер?» - деп, сұрайды, және сөзінде : «Аллаһтың атымен ант етейін. Сендердің ішінде Аллаһтан қорқушырағы, әрі ең тақуасы әлбетте менмін. Сөйте тұрып, ораза тұтамын және арасында үзіп, ауызымды ашамын. Намаз да оқимын және арасында тынығам. Және әйелдерге де үйленемін. Сондықтан кім меннің сүннетімнен бас тартса ол менен емес (яғни үмбетімнен емес)» - деп, айтқан.

Міне осы айтылған нәрселерден білеріміз, көптеген адамдардың Құдайға, Пайғамбардың Аллаһтан келтірмеген ғибадат түріменен құлшылық жасап, үлкен қатер үстінде жүргендері.

Егер олар өздерінің сол ахуалын түзеп, Аллаһтың елшісіне ілеспесе және оның көрсеткен жолынан бекем ұстанып, Аллаһқа оның көрсеткен шарифатыменен құлшылық жасамаса, онда сөзсіз олар ертең Құдайдың алдына жасаған амалдарының пайдасын көреміз – деп, барғанда, Жаратқан Аллаһ олардың ол амалдарына бірер салмақ қоспай, керісінше Өзінің елшісі арқылы жіберген шарифатқа ілеспегендері үшін жазалауы әбден мүмкін.

Ғибадаттың жан-жақтылығы

(яғни, адам өмірінің барлық тұсын қамтып тұратындығы)

Бүкіл жаратылыс атаулының жаратылуудағы хикметі – Аллаһу Тағалаға құлшылық - ғибадат жасау, әрі Одан қорқу – деп, өттік. Ондай болатын болса ғибадат ұғымын мұсылман пенденің күндіз және түнде Раббысынан қорыққан хәлде оқитын бес уақыт намазымен, жылына санаулы ғана күндері тұтатын оразасымен, және дүниесінің тазалығы үшін мал – мүлкінің аздаған бөлігінен беретін зекетіменен, немесе шамасы келсе өмірінде бір ғана жолы жасайтын қажылығымен шектеп қою мүмкін емес. Осы жоғарыда айтылып өткен ғибадаттар үлкен амалдардың қатарынан болса да, олар адам өмірінің аз ғана бөлігін қамтиды. Егер, Аллаһ адамды ғибадат үшін жаратқан болса, ал ол өмірінің басым көпшілігін ғибадатсыз өткізсе, онда бұл нәрсе ақылға сияды ма?

Исламдағы ғибадат тек діни рәсімдермен шектелген, өмірдің барлық тұсын толық қамтымайды – деген шешімді Құран жоққа шығарады. Аллаһ Құран Кәрімде былай деп айтқан :

«Біз саған Кітәпті барлық нәрсені баяндап түсіндіруші етіп түсірдік» (16 : 89)

Және Аллаһтың Өзінің пайғамбары Мухаммедке (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы жайында (яғни, ғибадаттың адам өмірінің барлық тұсын қамтитыны жайында) ашық баян етуді нұсқаған аятында былай – делінген :

«Расында менің намазым және одан өзге барлық ғибадат – құлшылықтарым, өмірім мен өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы болған Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бойұсынушылардың алғашқысымын - деп айт». (6 : 162 – 163)

Сонымен қатар «ғибадат белгілі діни рәсімдермен шектелген» - деген шешімді, өмірдегі барлық іс – қозғалысты өз саясына қамтитын сүннет ілімі де жалғанға шығарады. Бұған Абу Зар атты сахабаның (Аллаһ одан разы болсын) мына сөзі дәлел :

«Пайғамбар (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аспанда қос қанатымен ұшқан құсты да қалдырмай, ол құс жайындағы ілімді де бізге хабар етті.»

Тағы да, жоғарыдағы шешімнің қате екенін ислам ғұламалары мен фақихтерінің өмірдің әрбір тұсында қолданылатын ислам шарифатына байланысты жазған еңбектері мен берген түсіндірмелерінен де байқап көруге болады.

Ғибадаттың өмірдің бар тұсын қамтып тұратыны діндегі көпке мәлім болған зәру істерден де белгілі. (Парыздығы белгілі болған намаз, ораза, хаж сияқты амалдар мен харамдығы ашық болған зинақорлық, араққорлық, ата – анаға қарсы шығу сияқты әркім білуі зәру болған істер). Осы нәрсені мұсылман еместердеің өзі де растап куәлік береді.

Ғибадат рүкіндері

Ғибадаттың үш рүкіні ¹ (тірегі) бар. Ол тіректерсіз ғибадат орнатылынбайды.

1. Рүкін - ғибадаттың ішкі парыздары .

Бірінші : Аллаһ Тағалаға деген кәміл махаббат.

Аллаһ Тағалаға – деген махаббат бұл дінінің негізгі асылы.

Және исламдағы ғибадат сол негіздің үстіне құрылады. Бұл махаббаттың ғибадаттағы алатын орыны аспанда ұшқан құстың басының денесінен алатын орыны сияқты. Яғни, басы жоқ құстың тіршілігі жоқ болғаны сияқты, ішінде Аллаһқа – деген махаббат болмаған ғибадат та ешбір пайдасыз.

Бұл жердегі махаббаттағы мақсат, кейбір бидағатшылардың¹ дінде жоқ нәрсемен амал жасап, Аллаһты сүйеміз - деген адасушылықтары, палсапашылардың қиалынан туындаған махаббаты, немесе кейбір сопысымақтардың бүкіл дүние тіршілігін тәрк етіп, Аллаһты сүйемін – деген дақпырты емес. Бәлкі бұл жердегі махаббат – Аллаһқа толық бойұсыну және Оны ұлықтап тағзым ету махаббаты. Міне осы күйде болған махаббат пендені Аллаһ сүйетін істерге итермелейді. Яғни, ол пенде Аллаһтың сүйген нәрселерін сүйеді, жек көрген нәрселерін жек көреді, Оның достарын дос, дұшпандарын дұшпан тұтады.

Және пенде Аллаһтың нені жақсы көретінін, және не нәрсе оны риза ететінін, нені жек көріп және не нәрсе ашуын келтіретінін, Оның жіберген елшісі Мухаммед (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы ғана біле алады. Оған осыларды білуге басқа ешқандай жол жоқ. Сол үшін Аллаһ Құранда былай – деп, айтқан :

- Ей, Мухаммед! Оларға **«Егер сендер Аллаһты сүйетін босандар маған ілесіндер. Сонда Аллаһ сендерді сүйеді – деп, айт»** (3 : 31)

Осыған сүйеніп айтарымыз, егер бір пенде Аллаһты сүйетінін тілмен айтса және сол махаббаттың оның жүрегінде қатты орныққанын білдірсе, бірақ Аллаһтың елшісінің Құран Кәрім мен ақиқи сүннетте келтірген шарифатына ілеспесе, онда ол махаббаты оған қияметтің күнінде ешбір пайда бермейді. Керісінше бұл нәрсе өтірік, жалған, жалалардың қатарынан болады. Белгілі муфассир ғалым Ибн Касир жоғарыдағы өткен аяттың тәпсірінде былай – дейді : «Бұл аят – (яғни, Әли – Ғимран сүресінің 31 – ші аяты) әрбір «Аллаһты сүйемін» - деп, жар салушылардың махаббатына үкім етуші аят. Аллаһқа – деген махаббатын жар қылушы адам осы аяттағы әмірге ілеспейінше Мухаммедтің (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсеткен сүннет жолында емес. Бәлкі ол сол сөзінде өтірікші. Мухаммедтың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келтірген шарифаты барша сөз тұрғысынан, іс тұрғысынан және болмыс тұрғысынан мына сахих хадис бекіткен үкімнің аясында келген : **«Кім де – кім Біз әмір етпеген бір амалды атқарса ол амал қабыл болмайды.»** Сол үшін Аллаһ :

- Ей, Мухаммед! Оларға **«Егер сендер Аллаһты сүйетін болсандар маған ілесіндер. Сонда Аллаһ сендерді сүйеді - деп, айт»** - деген. Яғни, сендер осы аяттың әміріне ілессендер өздерің іздеген Оған – деген махаббаттан да абзал нәрсеге жетесіңдер. Ол нәрсе – Аллаһтың сендерге – деген махаббаты. Ал бұл махаббат әуелгі махаббаттан да ұлырақ. Осы жайында кейбір ғұламалар : «Мәселе сүюде емес, мәселе сүйікті болуда» - деген. Және белгілі ғалым Хасан Басри : «Аллаһты сүйеміз» - деп, жар салушы қауымдарды Аллаһ **«Егер сендер Аллаһты сүйетін болсандар маған ілесіндер. Сонда Аллаһ сендерді сүйеді...»** - деген аятыменен сынап қойды» - деген.

Екінші : Аллаһтан үміт ету.

Аллаһ Тағаланың разылығы үшін жасайтын ғибадатын Мухаммедтің (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетіне сәйкестендіріп атқарған адамға, амалының сауабын Аллаһтан үміт ету қажет. Раббысының есепсіз жомарттығын, ұлық фазилетін, Оның рахметіне бөленуді, және мәрхеметі мен жақсылығын есте ұстауы тиіс. Аллаһ Құран аяттарында былай – деген :

«Расында иман келтіргендер және һижрет¹ еткендер және Аллаһ жолында соғысқандар міне солар Аллаһтың рахметін үміт етеді. Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» (2 : 218)

1.Һижрет – арабша көшу – деген мағынаны білдіреді. Ал бұл аяттағы «һижрет еткендер», олар Аллаһтың разылығын тауып Оған жақын болу мақсатында, Оның дініне жәрдем еткендерден болу үшін өздерінің сүйген отандарын тастап ислам шарифаты орнаған дәулет – Медина қаласына көшкен Меккелік сахабалар.

« Кімде – кім Аллаһқа жолығуды үміт етсе, расында Аллаһтың белгілеген мерзімі сөзсіз келеді. Және Ол бәрін Естуші, толық Білуші» (29 : 5)

Егер бір пенде күнә жасап қойса немесе күнә жасауда астамшылыққа түскен болса, оған Аллаһтың рахметінен күдер үзіп, жарылқауынан үмітсізденуге әсте болмайды. Керісінше жасаған күнәсі үшін Аллаһтан кешірім - жарылқау үміт етіп, тез арада тәубе ¹ жасауға асыққан жөн. Аллаһ Құранда Мухаммед пайғамбарға(Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Өзі туралы құлдарына хабарлауды бұйырып былай – деген :

- Ей Мухаммед! Оларға «Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбедер. Расында Аллаһ барша күнәларды жарылқайды. Шынында Ол тым жарылқаушы ерекше мейірімді - деген сөзімді ,айт » (39 : 53)

Және бір хадис-қудсиде Аллаһ «Құлымның ойлаған жақсылықтары Менің қасымда. Сондықтан Мен туралы қалаған (жақсылықтарын) ойласын» - делінген.

Пендеге Аллаһтан жарылқау, сауап және Оның рахметіне бөленуді үміт ету тиіс болғаны сияқты, оған шарифатқа лайықты амал жасау, ондағы келген әмілерді атқарып, тиымдардан қайту, және өз нәпсісімен күрес жүргізу де міндетті істерден. Үміт етушілерге Аллаһ Құранда солай бұйырған :

«Кімде – кім Раббысына жолығуды үміт етсе, салихалы амалдар жасасын және Раббысы үшін болған ғибадатында Оған ешкімді ортақ етпесін» (18 : 110)

...Расында амалсыз құр үміт пенденің өзін - өзі алдауы болады.

Үміт үш түрлі болады. Оның екеуі дұрыс, әрі мақталынған үміт, ал үшіншісі бұрыс, әрі датталынған үміт. Мақталынған үміттің біріншісі ; Аллаһқа Оның Өз шарифатында көрсетілгендей тағат – ғибадат жасап , сол Раббысының жарылқауы мен жақсылығын, кешірім мен кеңшілігін қалаған пенденің үміті.

Мақталынған үміттің екіншісі; бір күнә жасап, кейін сол күнәға қайта оралмастай тәубе жасаған пенденің Аллаһтың жарылқауы мен жақсылығын, кешірімі мен кеңшілігін үміт етуі.

Ал үміттің үшінші түрі : Бір адамның күнә мен қателікке белшесінен батып, және олардан тәубе жасап бас тартпай, ізгі амалдарға қарай қадам баспай, Аллаһтан Оның рахметі мен мейірімін үміт етуі. Бұл өзін - өзі алдау,босқа дәмелену және жалған үміт болып есептелінеді. Міне осындай үміт – бұрыс, әрі датталынған үміт.

Үшінші : Аллаһтан қорқу.

Аллаһтан қорқу Құранда баян етілгендей әрбір пенде үшін парыз.

«...Олардаң қорықпаңдар, Менен қорқыңдар егер иман келтірген болсаңдар» (3 : 175)

«...Менен ғана қорқыңдар ». (16 : 51)

« Шынында олар Раббыларынан қорқып үрейленеді. Және олар Раббыларының аяттарына иман келтіреді. Және олар Раббыларына серік қоспайды. Және сондай бергендерін ² жүректері қорқып қобалжыған халде ³ берушілер, себебі шынында олар Раббыларына қайтушылар. Міне солар жақсылықтарға асығады және сол жақсылықтарға озып жетушілер» (23 : 57 – 61)

Айша анамыз (Аллаһ одан разы болсын) жоғарыдағы аятқа байланысты :

«Ия, Аллаһтың елшісі Аллаһтың сөзінде : **« Және сондай бергендерін жүректерін қорқып қобалжыған халде берушілер...»** - делінгендер, олар зинақорлық жасаушы, арақ ішуші, ұрлық істеушілер ме?» - деп, сұрады.

Пайғамбар (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған берген жауабында : **«Жоқ, олай емес ей, Сыддықтың қызы. Бірақ, ораза тұтып, намаз оқып, садақа беріп, сол істерім менен қабыл болмай қала ма? – деп қорыққан адам»** - деп, айтты.

1.Тәубе-күнәдән қайта оралмастай бас тартып , Раббысының разылығына жеткізетін істерге қадам басу.

2.Садақаларын , оразаларын , намаздарын .

3.Яғни , олар сол істеген ізгі амалдарының қабыл болмай қалып , қиамет күнінде шерменде болудан қорқушылар .

Және Хасан Басри осы тұрғысында :

«Аллаһқа ант етемін. Оған тағат – ғибадаттармен амал жасандар. Және сол амалдарыңда ыждаһатты болыңдар. Ол амалдарыңның қабыл болмай өздеріне қайтарылуынан қорқыңдар. Шын мәнінде мүмін пенденің жақсылығы мен қорқынышы бірге жүреді, ал мунафиқтың (екі жүздіңің) күнәсі мен қауіпсіздігі бірге жүреді» - деген.

Шариғаттың пенделерден талап ететін қорқынышы – Құдайдың істелуін харам еткен нәрселері мен құлдарының арасында тосқауыл болып тұратын қорқыныш. Егер сол қорқыныш өзінің тиісті мөлшерінен асып кететін болса, онда пенденің Аллаһтың рахметіне - деген үмітін жоғалтып алуы қауып етіледі. Ал үмітсіздік кәпірлердің сипатынан. Себебі ол Аллаһ туралы нашар ойда болуды білдіреді.

Қорқыныш пен үміттің арасында болу.

Пенденің үміті мен қорқынышы әрдайым бірге болуы тиіс. Егер ол үмітсіз тек қорқынышпен болса, онда ол үмітсіздік пен шарасыздыққа ұшырағандардың қатарынан болады. Аллаһ Құранда ол жайында былай – деп, хабарлайды :

«Шынында Аллаһтың рахметінен тек кәпір қауымдар – ғана күдер үзеді» (12 : 87)

«Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім үміт үзеді?» (15 : 56)

Ал, керісінше Аллаһтан қорықпай тек үміт ету пендені Аллаһтың жазасынан бейғамдықта қалдырып, алдауға ұшыратады. Ол жайында Аллаһ :

«Аллаһтың азапты жазасынан тек зиянға ұшыраушы қауым ғана қорықпай қаперсіздікте болады» - деген. (7: 99).

Сондықтан көптеген аят – хадистерде пендеге осы екі сезімді қосып ұстауға үгіт ететін сөздер көп келген. Және сол екеуін біріктіріп ұстаушыларға мақтаулар айтылған.

«Сондай бір олардың сиыңғандары ¹ қайсымыз жақынырақ боламыз – деп , Раббыларына құлшылықтар арқылы талаптанады. Және Оның рахметін үміт етіп, азабынан қорқады. Расында Раббының азабы қорқынышты» (17 : 57)

Аллаһқа қарсы шыққан кәпір, Оған «қорқа бойұсынып, түн ішінде сәжде қылған хәлінде, тіке тұрған хәлінде (намаз оқитын), ақырет (ахуалдарынан) сескеніп сақтанатын, әрі Раббысының рахметін үміт ететін (мүмін) кісі сияқты ма?» (39 : 9)

Олар «жамбастары төсектерінен ажырап ² Раббыларына қорыққан хәлде, әрі үміт қылған хәлде жалбарынады» (32 : 16)

Егер пенде қорқыныш пен үмітін біріктіріп ұстаған болса, онда оған сол екеуіне байланысты өзінің хәлі мен жүрегін бақылап тұру қажет. Күнәға кіріптар болуға байланысты немесе тағы соған ұқсас нәрселердің әсерінен бойында қорқыныш сезім үстемдік құрып кетсе, онда Оған Аллаһтың рахмет – жарылқауына болған үмітін күшейту қажет. Ауыру адамның үміт етуі басым болуы керек болған сияқты. Ал, керісінше дені сау кезінде немесе бір құлшылығын ада еткеннен кейін үміті күшейіп, Аллаһтың ескертулері мен жазаларынан қаперсіз болып, қорқынышы жоғала бастаса, онда оған қорқынышын күшейту керек. Егер пенде үмітсіздікке түсіп кетуден немесе Аллаһтың ескерту – жазаларынан қаперсіз болып, зиянға ұшырап қалудан қорықпаса ол екеуінің арасында тепе-теңдікті ұстауы абзал.

Осы үш рүкіннің (махаббат, үміт, қорқыныш) пенде жүрегінен алатын орыны.

Аллаһқа қарай бағыт алған пенденің жүрегі құс тәріздес. Аллаһқа – деген махаббат сол құстың басы, ал Аллаһтан болған үміт пен қорқыныш оның екі қанаты іспетті. Және, басы аман, қос қанаты сау құстың ұшуында мүдіру болмайды. Егер құс бастан ажыраса өлімге қауышады, ал қанаттарынан қайырылған құс әрбір аңшы мен жыртқышқа жем болады.

1. Кейбір адамдар періштелерге, не пайғамбарларға, не аруақтарға, не тал-тас, су-отқа пайда-зиян береді – деп, сиынып жатады. Бұл аят, олардың ол істерінің үлкен адасушылық екенін көрсетіп, тіпті сол сиыңғандарының өздері Аллаһтың әлсіз құлдары екенін білдіреді.

2. Яғни, олар түнгі тәтті ұйқыларын қалдырып, одан да ләзаттырақ болған ғибадаты, таһажуд намазына тұрады

Сондықтан пенде Раббысы үшін жасайтын тағат - құлшылығында осы үшеуін біріктіріп ұстауы қажет. Олардың біреуін немесе екеуін ғана келтіріп, үшіншісін тастап қою әсте дұрыс емес. Сол үшін кейбір сәләф¹ ғалымдары былай - деп айтқан : «Кім Аллаһқа тек қана махабатпен құлшылық жасаса – ол зындық,² кім тек үміт ету менен ғана құлшылық жасаса – ол мүржі,³ кім тек қоркумен ғана құлшылық жасаса – ол харури,⁴ ал кім үмітпен, қоркумен және махабатпен құлшылық жасаса, онда ол Аллаһты бір – деп таныған нағыз иманды жан»

Күнәдан тосатын қорқыныш сезімі, болмаған әрі тағат – ғибадаттардан үміт қылмайтын пенденің «Аллаһты сүйемін» - деген сөзі шындыққа ешбір жанаспайды. Сол себептен осылай – деп, жар салып жүрген адамдардың күнәға көп кіріптар болатынын көресің. Олардың мысалдары яһудилерге ұқсайды. Олар (яһудилер) үлкен күнәларға көп ұрынаттындарына қарамастан, Құранда олар жайынада хабарланғандай, былай – деп, айтатын:

Олар «**Біз Аллаһтың ұлдарымыз, әрі жақсы көріп сүйгендеріміз**» - деп, айтты. Сол үшін Аллаһ Өзінің пайғамбарына оларға былайша тіл қатуды бұйырды :

«Онда Аллаһ сендерді күнәларың үшін неге азаптайды? - деп, айт» (5 :18)

Сол сияқты, жалғыз - ғана үмітке салыну пендені Аллаһтың ескертуі мен азаптарынан бейғамдықта болуға түсіреді. Соның салдарынан ешбір сескенбестен күнәларға ұрына бастайды.

Және сол сияқты тек қорқыныш сезімде ғана болу құлды үмітсіздікке салып, Раббысы жайында нашар ойда болуына жетектейді. Сондықтан пенде Аллаһ Тағала үшін жасайтын ғибадат құлшылығында махабат, үміт, қорқыныш сезімдерінің арасында болуы керек. Міне осы нәрсе Аллаһқа – деген тура сенім және нағыз таухид.⁵

Ғибадаттардың шарттары .

Ғибадаттардың шарттары да үшеу. Олардың бірі жоғалса ғибадат дұрыс дәрежесінде орындалмайды. Ал екі шарты кемісе ғибадат тіпті атқарылмағанға ұқсап қалады.

Бірінші шарт : Шешімнің шынайы болуы.

Бұл жердегі шынайылықтағы мақсат : Құлдың бар күш-қуатын Аллаһтың әмірлерін атқаруға, тиымдарынан қайтуға жұмсауы. Және салихалы амалдар арқылы Раббысына жолығуға дайындалуы. Сонымен қатар Аллаһ үшін жасалатын тағат-ғибадаттарынан әлсіздік, жалқаулыққа ұқсаған нәрселерді кетіруі, әрі нәпсісін тақуалықпен жүгендеп, оның әрбір харам істерге түсіп кетуінен тосуы. Осыған байланысты Аллаһ кітәбінде былай – деп, айтқан :

«Игілік жүздеріңді шығыс тарапқа және батыс тарапқа қаратуда емес. Бірақ, кім Аллаһқа, ақырет күніне, періштелерге, кітәптарға, пайғамбарларға иман келтірген болса, және өзі жақсы көрген малынан жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыр сұраушыларға, құл азат етуге берген болса, және намазды толық орындап, зекетті өтеген болса, және өзара байланысқан уәделерінде опалы болған болса, әрі қиыншылықта, ауруға ұшырағанда, соғыс кезінде сабыр етушілер болған болса, міне жақсылық осыда. Солар нағыз шыншылдар және солар нағыз тақуалар. (2 : 177)

Сондай – ақ, Аллаһ – Тағала Өзінің иман келтірген пенделерін істеген, амалдары айтқан сөздерін растамай қарама-қайшы келуден тосып,

«Ей, иман келтіргендер! Істемейтін нәрселеріңді неге айтасындар? Істемейтін нәрселеріңді айтуларың Аллаһтың қасында зор ашуға себеп болады» - деп, ескерткен. (61 :2)

Шындық иманның негізі. Себебі иман келтіргендердің ниеттері, істері , сөздері шынайы болады. Сол сияқты өтірік – екі жүзділіктің негізі. Себебі екі жүзділердің ниеттері, істері, сөздері жалған болады. Сол үшін Аллаһ шыншылдарға шынайылықтары үшін сауап беруді уәде еткен.

«Аллаһ шыншылдарды шыншылдықтары себепті сыйға бөлер» (33 : 24)

Ал екі жүзділердің тозақтың ең төменгі бөлігінде азаптайтынымен ескерткен.

1. Ілгергі өткен ғалымдар.

2. Зындық – Дінсіз

3. Мүржі – Адам иман келтірсе істеген күнәлары оған зарар етпейді деушілер.

4. Харури – Адам күнәсі үшін дозақта мәңгі қалады деушілер.

5. Аллаһты бір-деп танып , әрі барша ғибадат-құлшылықты Оған ғана арнау.

«Расында мунафиқтер¹ дозақтың ең төменгі қабатында болады» (4 : 145)

Екінші шарт : Аллаһ Тағалаға ықыласты болу.

Құран мен хадисте шынайы ықыласқа бұйыратын әмірлер көп келген ;

Олар «Аллаһқа шынайы ықылас және дінге толық берілген халде ғибадат жасауға, намаз оқуға, зекет беруге әмір етілген» (98: 5).

«Кімде-кім Рабысына жолығуды үміт етсе, салихалы амалдар жасасын және Раббысы үшін болған ғибадатында Оған ешкімді ортақ етпесін!» (Яғни амалдарын жалғыз ғана Аллаһ үшін ықыласпен орындасын) (18 : 110).

Және Аллаһ – Тағала Өзінің пайғамбары Мухаммедке **«Ықыласты күйде Аллаһқа ғана құлшылық етемін, бүкіл тағат – ғибадтым Аллаһ үшін. Ендеше сендер Одан өзге қалаған нәрселеріңе сиыныңдар - деп айт»**- деген. (39 : 14)

«Расында Біз саған бұл Кітәпті ақиқатпен түсірдік. Сондықтан барша тағат – ғибадатыңды Аллаһқа арнап, Оған шынайы ықыласпен құлшылық қыл. Көңіл бөліңдер! Тек таза хақ дін ғана Аллаһқа тән!» (39 : 2)

Және Омар ибн Әл-Хаттаб, «Аллаһтың елшісінен мына сөзді естідім» - деді. Ол кісі : **«Расында амалдар ниетке байланысты (дұрыс , не бұрыс болады) Және, шынында әр кісіге (істеген амалына сауабы) ниетіне қарай беріледі. Кімнің нижреті² Аллаһ (разылығы) үшін және Оның елшісіне (итағат ету үшін) болса, оның нижреті Аллаһқа және Оның елшісіне болады. (яғни, талап қылған Аллаһтың разылығы мен Оның елшісіне итағат етуден болатын сауапқа жетеді). Және кімнің нижреті дүниеге жету үшін болса, әлде әйелге үйлену үшін болса , олардың нижреті (талаптанып) нижрет еткен нәрселеріне болады»** - деді.

Және Әбу Һурайраның (Аллаһ одан разы босын) риуаят еткен хадисінде Пайғамбарымыз (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) : **«Расында Аллаһ сендердің түрлеріңе, мал-мүліктеріңе қарамайды. Бірақ, шынында сендердің жүректеріңе және амалдарыңа қарайды»** - деп, айтқан.

Ал Әбу Муса Әл - Әшғаридің (Аллаһ одан разы болсын) риуаят еткен хадисінде мынандай хабар бар : Пайғамбарымыз (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Батыр атану үшін соғысатын, намыстанып соғысатын, мақтангершілік үшін соғыстын үш кісінің қайсысы Аллаһтың жолында?» - деген сұрақпен сұралады. Оған Аллаһтың елшісі (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **«Кім Аллаһтың сөзі үстем болуы үшін соғысса, сол Аллаһтың жолында»** - деп, жауап береді.

Ықыластың ақиқаты – пенденің мақсатының Аллаһтың дидарына қауышып, ақыреттегі жақсылықтарға жету болуы.

Аллаһ осы тұрғысында былай – деген :

«Онда ешкімнің есесін көретіндей өткізіп қойған жақсылығы жоқ. Бірақ (ізгі іс атқарса) Ұлы Раббысының дидарын (көруді) қалап (жасайды). (92 : 19 – 20).

«Кімде-кім дүниенің уақытша байлығын қаласа Біз оған осы дүние де тезде береміз қалаған нәрселерімізді қалаған пенделерімізге (береміз), кейін оған жаһаннамды жай етеміз, оған (жаһаннамға) қор және Аллаһтың рахметінен ұзақ болған халде кіреді. Және кім ақырет нығметтерін қаласа, әрі оған (ақыретке) оның нығметтеріне жеткізетін амалдармен барынша әрекеттеніп тырысса, әрі ол шынайы иман келтірген болса, онда олардың әрекеті шүкір – алғысқа лайықты болды. (яғни қабыл болды)» (17 : 18 – 19).

Амалдың шынайы ықыласты болуы үшін оны өз-өзіне баға беріп таңырқау, алдану, адамдардан өзін жоғары санау сияқты нәпсісінің ұнататын үлестерінен арылту керек. Сонымен қатар амал, адамдардан сәтін тауып мақтау сөздер естіп қалу үшін , не олардың жамандауларына түсіп қалудан аулақ болу үшін оларды бақылап жүру немесе олардың тағзым етулеріне, мал – мүліктеріне, олардың сүйіспеншіліктеріне, өзіне қызмет етулеріне жету үшін жасалатын

1. Мунафиқ – сырты мұсылман , іші кәпір екі жүзді адам .

2. Нижрет – көшу

әрекеттерден де таза болуы тиіс. Бұл сияқты риакерліктің (мақтангершіліктің) иісі шығып тұрған амалдар егесін ауыр күнә - ширк күнәсіне түсіреді. Олардаң сақ болу керек. Себебі Пайғамбарымыздың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мынандай сөзі бар :

- Аллаһ Тағала айтты : «Мен ешқандай ортақ – серіктерді қажет тұтпаймын. Бір пенде амал жасаса, сол жасаған амалында Маған өзге нәрсені серік етсе, онда ол амалы қосқан серігі үшін. Және Мен одан (серік қосушыдан) аулақпын»

Егер амал намаз, зекет, ораза, хаж, тауаф, Құран оқу сияқты таза бір ғибадат болса, Ықылас сол ғибадаттардың дұрыс болуының, әрі қабыл болуының шарты. Ал, егер одан бөлек ішу, жеу, ұйықтау, кәсіп қылу тағы басқа сол сияқты шариғат рұқсат еткен істер болатын болса, онда оларды ықылас-ниетпен жасау, сауапқа жетудің шарты.

Үшінші шарт: Амалдың шариғатқа сәйкес орындалуы.

Амал қабыл болу үшін міндетті түрде Пайғамбарға (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу керек. Ол кісіні өнеге – үлгі тұтып, көрсеткен тура жолын ұстаным етіп алу қажет. Және Аллаһ Тағалаға ғибадат-құлшылықты Пайғамбар (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген ислам дініндегі әмірлер мен тиымдар арқылы жасау қажет. Аллаһ осы тұрғысында былай – деп, айтқан :

«Кім исламнан басқа бір дін іздесе, (ол дін) әсте қабыл етілмейді және ол ақыретте зиянға ұшырағандардан болады» (3 : 85)

Және Пайғамбарымыз да (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы жайында былай – деп, айтқан :

«Кім Біздің әмірімізде болмаған бір жаңалықты келтірсе, онда ол нәрсе қабыл етілмейді»

Ал, белгілі мухаддис ғалым Муслимнің риуаят етуінде осы хадиспен мағыналас пайғамбарымыздың(Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөзі бар :

«Кімде-кім Біз әмір етпеген бір амалды атқарса , ол амал қабыл болмайды.»

Міне осы жоғарыда келген үш шартсыз орындалған ғибадат пайдасыз. Шешімдегі туралық ғибадаттың ғибадат ретінде орнығыуының шарты. Амалды тек Аллаһқа арнау үшін жасалған таза ықылас пен сол амалды сүннетке сәйкес атқару, оның (амалдың) дұрыстығы мен қабыл болуының шарты. Осы үш шарт бірікпесе қабыл болатын ғибадатқа жету мүмкін емес. Мысалы, шынайы шешімсіз құр ықыласты ниетпен орындалған амал – соқыр қадам басу. Және сол істің созылып кетуіне, онда салақтық жіберілуіне, Аллаһтан негізсіз үміт етуге немесе амалдың кейінге қалдыруына себеп болады. Сол сияқты керісінше ықылассыз тек шынайы шешіммен ғана орындалған амал ықыластың кему дәрежесіне қарай не үлкен ширк күнәсімен, не кіші ширк күнәсімен ұласады. Яғни, егер амалдағы бар мақсат әуелінен бастап Аллаһтың ризашылығы емес, одан өзгені қалау болса, онда бұл нифақтық (екіжүзділік) болады. Бұл үлкен ширктің қатарына қосылады. Ал, егер амалдағы бастапқы мақсат Аллаһтың ризашылығы мен ақыреттің нығметтері болып, кейін ол ниетіне амал барысында рия (мақтангершілік) араласса, онда бұл кіші ширктің қатарынан болады. Және де пенде шынайы шешіммен бірге ниетін дұрыстаса, бірақ амалын сүннетке сәйкес атқармаса, онда бұл нәрсе бедағат¹ , Аллаһ Тағала рұқсат етпеген, дінге кіргізілген бөгде іс болады. Әрі ол іс қабыл болмастан егесіне қайтарылады және сол іс ертен егесіне қатты зарар береді. Аллаһ – Тағала бізді адасулардан сақтасын!

Осы тақырыпқа байланысты Фузайл ибн Ғияд Аллаһ Тағаланың Мүлк сүресінің төмендегі екінші аяты туралы былай – деген :

«Ол сондай Аллаһ , сендердің қайсыларың амал қылуда жақсырақ екенін сынау үшін өлім мен өмірді жаратты» (67 : 2)

- Осы аяттағы « амал қылуда жақсырақ » - деген сөз, ең ықыласты және ең дұрыс болғаны - деді ол кісі. Сонда ол кісіден қасында отырғандар : Ей, Әлінің әкесі ! Амалдың ең ықыластысы, әрі ең дұрысы қандай болады ? » - деп, сұрады.

1.Құран мен сүннеттің әмірінде болмаған бөгде амал .

Сонда ол кісі : «егер амал шынайы ықыласпен жасалынып, бірақ дұрыс болмаса қабыл етілмейді. Керісінше дұрыс болып, бірақ ықылассыз жасалынса және қабыл емес. Амал ықыласты және дұрыс болғанда ғана қабыл етіледі. Амалдың дұрыс болуы дегеніміз – сүннетке сай келгені, ал ықыласты болғаны – Жалғыз ғана Аллаһтың разылығы үшін орындалғаны» - деп айтты да, сол сөзіне дәлел ретінде Кәһф сүресінің мына аятын оқыды :

«Кімде-кім Раббысына жолығуды үміт етсе, салихалы амалдар жасасын және Раббысы үшін болған ғибадатында Оған ешкімді ортақ етпесін!» (яғни, амалдарын жалғыз ғана Аллаһ үшін ықыласпен орындасын) (18 : 110)

Ғибадаттың түрлері.

Біз жоғарыда ғибадаттың өмірдің барлық тұсын қамтитынын айтып өттік. Сол ғибадат орындалуына қарай бес түрлі болады.

Жүрек ғибадаттары :

Бұл ғибадат түрі өзінен кейінгі ғибадаттар үшін негіз болып табылады. Себебі, бұл ғибадат түріне – деген немқұрайдылық үлкен – кіші ширк күнәларына ұрынуға себеп болады. Бұл ғибадат жүрекке қатысты сөздер мен амалдардан тұратын болғандықтан – жүрек ғибадаты – деп, аталады. Осы жүрек ғибадаттарының ішіндегі ең ұлысы әрі ең негізгісі – бүкіл билік, жарату және барша әмірдің егесі болған, Аллаһтың бүкіл әлемдердің (барша жаратылыстың) Раббысы екеніне нақты сену. Әрі, расында Аллаһ – Тағаланың көркем есімдері мен сипаттары бар екенін білу, және сол көркем сипаттар Аллаһтың кәмілдігінің, сұлулығының, ұлықтығының сипаттары екеніне шынайы сену. Сонымен қатар кемшіліктен пәк болған Аллаһтың жалғыз, әрі ешбір серігі жоқ, барша ғибадатқа Өзі ғана лайық болған хақ Құдай екеніне сену. Шынайы ықылас, Аллаһқа тәуеккел ету, Оны сүю, Одан қорқу, Одан үміт ету сияқты істер де осы ғибадаттың түріне кіреді.

Және ескерте кететін жайт, осы жүрек ғибадаттарының ешбірін Аллаһтан өзге нәрселерге сарп етуге болмайды. Тіпті Аллаһтан өзге сиынған нәрселері пайғамбар, не періште, не әулие, не тас, не ағаш, не күн, не ай, не көсем, не саяси жүйе, не ұйымдасқан топ, не осыларға ұқсаған кез-келген нәрсе болса да сиынуға болмайды.

Тіл ғибадаттары :

Бұл ғибадат адамның тілмен айтатын сөздері мен лебіздерінен тұратын болғандықтан – тіл ғибадаты – деп аталынады. Бұл ғибадаттардың ішіндегі ең ұлысы «кәлима таухидті ¹» айту. Егер біреу Аллаһтың жалғыз екеніне, әрі барша ғибадатқа тек Ол ғана лайықты екеніне жүрекпен сенсе, бірақ ешбір үзір – себепсіз ² «кәлима таухидті» тілімен айтпаса мұсылман болып есептелмейді. Және бұл ісі оның қанын да малын да қорғап қалмайды. Бұл жайында Пайғамбарымыз (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай – деп, айтқан :

«Мен адамдармен «лә иләһә иллаллаһ» - ты айтқанша соғысуға бұйырылдым. Егер олар осыны айтса, намазымызды оқыса, құбыламызға бет бұрса, құрбандықтарымызды шалса, онда өз хақы болмаған жағдайда, бізге олардың қанын төгу, малдарын алу тиым етіледі. Және оның есебін Аллаһ – Тағала Өзі алады»

Ал кім «кәлима таухидті» - тілімен айтып, бірақ оны жүрегімен сеніп бекітпесе мунафиқтерден (екі жүзділер) болады. Сонысымен қаны мен малын қорғап қала береді. Және сол екі жүзділігі үшін Құдайдың алдында сөзсіз есеп беріп, жазасын алады.

Тіл ғибадаттарының қатарына зікір ету, тілек тілеу, сиынып пана тілеу, Құран оқу, истиғфар айтып кешірім өтіну сияқты тағы басқа істер жатады.

Дене ғибадаттары :

Бұл ғибадат түрі адамның дене мүшелерімен өтелетін болғандықтан – дене ғибадаты – деп аталынған. Бұл ғибадаттарының ішіндегі ең ұлылары : парыз етілген бес уақыт намаз, отыз күн ораза, тауаф және Аллаһ жолында соғысу.

Малмен жасалатын ғибадаттар :

Бұған зекет, садақа сияқты мал-мүлікке негізделген ғибадаттар жатады.

Денемен, малмен жасалатын ғибадаттар :

Бұған денемен, малмен жасалатын ғибадаттар жатады. Мысалға қажылық, ғұмра сияқты ғибадат түрлері. Бұл ғибадаттарда денемен де әрекет – амал жасау керек, әрі малды да жұмсау қажет.

-
1. «Кәлима – таухид» сөзі – «лә иләһә иллаллаһ» - деген сөз. Ол сөздің мағынасы Аллаһтан басқа ғибадатқа лайықты ешбір тәңір жоқ.
 2. Тілінде мүкісі бар сөйлей алмайтын адам болса айып емес